

"Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқауын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2009 жылғы 16 ақпандағы № 68 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 23 қарашадағы № 583 бұйрығы. Қазақстан Республикасының 2015 жылы 14 желтоқсанда № 12404 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 30 қарашадағы № 629 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 30.11.2016 № 629 бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқауын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2009 жылғы 16 ақпандағы № 68 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5574 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджеттік мониторинг жүргізу нұсқауында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Түсімдердің атқарылуы кезінде және бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру кезінде бюджеттік мониторинг міндеттері:

түсімдердің атқарылуын талдау;

төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарын және төленген міндеттемелерді салыстыру жолымен бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджет қаражатын игеруін талдау;

төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына (бұдан әрі – төлемдер бойынша жоспар) сәйкес төлемдердің уақтылы жүргізілмеу және міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспарларына (бұдан әрі - міндеттемелер бойынша жоспар) сәйкес міндеттемелердің уақтылы қабылданбау себептерін анықтау болып табылады.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Бюджет шығыстары атқарылуының бюджеттік мониторингін республикалық және тиісті жергілікті бюджеттердің атқарылуы жөніндегі бюджеттік есептілік және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері беретін ақпарат негізінде бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар жүзеге асырады.

Есепті кезеңнің соңындағы бюджет қаражатының игерілмеуі төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарының және төленген міндеттемелердің, бюджет қаражатының үнемделуінің, Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган резервтерінің және шартты түрде қаржыландырылатын шығыстардың бөлінбеген қалдықтары арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Бюджет қаражатының үнемделуіне:

мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша қаражатты үнемдеу;

еңбекақы төлеу қоры (бұдан әрі – ЕТҚ) бойынша үнемдеу (бос лауазымдардың болуы, ақысыз демалыстар беру және еңбекке уақытша жарамсыздық парақтары бойынша, әлеуметтік салық, әлеуметтік аударымдар бойынша төлемдер, банк қызметтеріне ақы төлеу есебінен ағымдағы шығындар бойынша үнемдеу);

бюджет қаражатын өзге де үнемдеу (бағамдық айырма, бағаның және табиғи тұтыну көлемінің өзгеруі есебінен қалыптасқан түгел пайдаланылмаған қаражат қалдығы, жоспарланғанға қарағанда бюджет қаражатын алушылардың іс жүзіндегі көлемінің азаюы, кредиттер, қарыздар бойынша сыйақы (мүдде) мөлшерлемесінің өзгеруі, іссапарлар кестесінің өзгеруі, жол жүру және іс-шараларды өткізу мерзімінің ауыстырылуына байланысты өзге де ағымдағы шығындар бойынша іс-шаралар жоспарының өзгеруі, өкілдік шығындар және шетелдік іссапарлар бойынша бөлінбеген сома).

Есепті жыл қорытындысы бойынша бюджет қаражатының игерілмеуіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша Бюджет кодексінің 44-бабына сәйкес толық пайдалануға рұқсат етілген, өткен қаржы жылында бөлінген нысаналы даму трансферттерінің игерілмеу сомасы қосылады.

Төмен тұрған бюджеттер жергілікті атқарушы органдарының жоғары тұрған бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттерді және бюджеттік кредиттерді игермеу сомасы жоғары тұрған бюджет үшін бюджет қаражатын игермеуге жатпайды.

Жүргізілген бюджеттік мониторинг негізінде бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар ай сайын есепті айдан кейінгі айдың алғашқы бес жұмыс күні ішінде осы Нұсқауға 7-қосымшаға сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне міндеттемелер бойынша жоспарға сәйкес бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша қабылданбаған міндеттемелер және төлемдер бойынша жоспардың уақтылы орындалмауы туралы ескерту ақпаратты жібереді.";

25-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Төлемдер бойынша жоспарға сәйкес бюджет қаражатының игерілмеу және міндеттемелердің уақтылы қабылданбау себептері объективті және субъективті себептерге ажыратылады.";

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне тәуелді емес объективті себептерге мыналар жатады:

өнім берушілердің орындалмаған шарттық міндеттемелері (өнім берушілердің шарт талаптарын бұзуы, өнім берушілердің тауарларды жеткізбеуі (уақтылы, жиынтықтап жеткізбеуі), жұмыстарды жүргізу (қызметтерді көрсету) кестесінен артта қалу, орындалған жұмыстар актілерін, шот-фактураларды уақтылы ұсынбау);

өзге объективті себептер (форс-мажорлық жағдайлар (көзделуі, қандай да болмасын іс-шаралармен алдын алуы немесе жойылуы мүмкін емес жағдайлар), сотта мемлекеттің мүддесін қорғау жөніндегі талап-арыз жұмыстарын жүргізу, тиісті бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шотында ақша қаражатының жеткіліксіздігіне байланысты бюджеттен қаражат жеткіліксіз қаржыландырылған жағдайда).";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Субъективті себептерге мыналар жатқызылады:

мемлекеттік сатып алу бойынша өтпей қалған конкурстар;

бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) тиімді басқармауы (конкурстық рәсімдерді уақтылы өткізбеу (өткізбеу), конкурстық рәсімдерді өткізу мерзімдерін ауыстыру, шарттар жасаспау, шарттарды жасасу және оларды қазынашылық органдарында тіркеу рәсімдерін ұзақ жүргізу), қаржыландыру жоспарына өзгерістер енгізу қажеттілігі, төлем құжаттарын ұзақ келісу, бюджет қаражатының талап етілмеуі, көтеріңкі құндық және сандық көрсеткіштер, қажетті бюджеттік рәсімдерді уақтылы жүргізбеу, жылдық жоспарларды негізсіз айлар бойынша бөлу, бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жөнінде нормативтік құқықтық актілерді уақтылы қабылдамау, жоспарланған іс-шараларды уақтылы өткізбеу, әкімшінің төлемдерді жүргізу бойынша құжаттарды дұрыс ресімдемеуі), тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) берушілер нарығын сапасыз талдау, басқа бөлінетін бюджеттік бағдарламалар бойынша бөлінбеген қалдық;

өзге субъективті себептер.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Осы Нұсқаудың 8-қосымшасында көрсетілген бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру мониторингінің нәтижелері

туралы есеп ББМ бағдарламасын қолдана отырып жасалады және былайша толтырылады:

1) 1-11, 13, 14-бағандарды бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері толтырмайды (осы бағандардың мазмұны ББМ-тен автоматты түрде алынатын болады) және түзету құқығынсыз оқу режимінде пайдаланылатын болады;

2) 12-бағанда бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджет шығыстары жөніндегі бір жылдағы күтілетін атқарылуды әрбір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша 1 қазандағы жағдай бойынша және ағымдағы жылдың соңына дейін бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы есептен бастап көрсетеді;

3) 15-бағанда төлемдер бойынша жоспардың орындалмауы көрсетіледі;

4) 17-19-бағандарда қалыптасқан бюджет қаражатын үнемдеу сомасы 16-бағанда көрсетіледі;

5) 17-бағанда мемлекеттік сатып алу нәтижесі бойынша бюджет қаражатын үнемдеу көрсетіледі;

6) 18-бағанда еңбекақы төлеу қоры бойынша үнемдеу көрсетіледі;

7) 19-бағанда өзге де бюджет қаражатын үнемдеу көрсетіледі;

8) 20-бағанда Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган резервінің бөлінбеген қалдығы көрсетіледі;

9) 21-бағанда есепті кезеңде бюджет қаражатының игерілмеу көлемі көрсетіледі;

10) 23-24-бағандарда қалыптасқан жалпы сома 22-бағанда көрсетіледі;

11) 23-24-бағандарда бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Нұсқаудың 26-тармағында жазылған жеке, объективті себептер бойынша қалыптасқан соманы көрсетеді;

12) 26-28-бағандарда қалыптасқан жалпы сома 25-бағанда көрсетіледі;

13) 26-28-бағандарда бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Нұсқаудың 27-тармағында жазылған жеке, субъективті себептер бойынша сома көрсетіледі;

14) 29-30-бағандарда бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ай сайын есепті кезеңде игерілмеу және есепті кезеңде міндеттемелердің уақтылы қабылданбау не қабылданбау себептерін көрсетеді.";

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Талдау нәтижелері бюджеттерді атқару жөніндегі тиісті уәкілетті органның басшылығының қаперіне ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 25-күніне жеткізіледі.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар тиісті жылға республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы талдамалық есепті дайындау кезінде мынадай деректерді пайдаланады:

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне өткен қаржы жылында республикалық бюджеттен бөлінген және Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша түгел пайдалануға рұқсат етілген нысаналы даму трансферттерін түгел пайдалану туралы талдамалық есеп осы Нұсқауға 19-қосымшаға сәйкес;

республикалық бюджеттен бөлінген бюджет қаражатының игерілмеуі жөнінде осы Нұсқауға 20-қосымшаға сәйкес;

республикалық бюджет қаражатының тиімсіз жұмсалуды туралы осы Нұсқауға 21-қосымшаға сәйкес.";

33-2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) 1–4-бағандарда бірыңғай бюджеттік сыныптаманың функционалдық сыныптамасына сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің кодтары мен атаулары, бағдарлама мен кіші бағдарлама көрсетіледі;"

35, 36 және 37-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға:

1) нысаналы ағымдағы трансферттердің, нысаналы даму трансферттері мен кредиттердің іске асырылу мониторингінің нәтижелері туралы есептерді:

есепті айға - ай сайын есепіден кейінгі айдың 4-і күнінен кешіктірмей;

есепті жылға – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 4 ақпанынан кешіктірмей осы Нұсқаудың 10-қосымшасына сәйкес;

2) ББӘ-нің өткен қаржы жылында бөлінген және Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша түгел пайдалануға рұқсат етілген республикалық бюджеттен берілген нысаналы даму трансферттерін ағымдағы жылы түгел пайдалану нәтижелері туралы талдамалық есепті:

есепті жылға – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 15 қаңтарынан кешіктірмей осы Нұсқаудың 16-қосымшасына сәйкес ұсынады.

36. Ауданның, облыстық маңызы бар қаланың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдары облыстың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдарына:

1) облыстық бюджеттен бөлінген және республикалық бюджеттің трансферттері есебінен іске асырылып жатқан нысаналы ағымдағы трансферттердің, дамуға арналған нысаналы трансферттер мен кредиттердің іске асырылу мониторингінің нәтижелері туралы есептерді:

есепті айға - есепіден кейінгі айдың 7-і күнінен кешіктірмей;

есепті жылға – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 8 ақпанынан кешіктірмей осы Нұсқаудың 11-қосымшасына сәйкес ұсынады.

2) өткен қаржы жылында бөлінген және Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша түгел пайдалануға

рұқсат етілген республикалық бюджеттен берілген нысаналы даму трансферттерін ағымдағы жылы түгел пайдалану нәтижелері туралы аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органының есебін:

есепті жылға – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей осы Нұсқаудың 17-қосымшасына сәйкес ұсынады.

37. Облыстың, республикалық маңызы бар қала мен астананың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдары бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға:

1) республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы ағымдағы трансферттердің, нысаналы даму трансферттері мен кредиттердің іске асырылу мониторингінің нәтижелері туралы есептерді:

есепті айға - есепіден кейінгі айдың 10-ы күнінен кешіктірмей;

есепті жылға – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 10 ақпанынан кешіктірмей осы Нұсқаудың 12-қосымшасына сәйкес;

2) өткен қаржы жылында бөлінген және Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша түгел пайдалануға рұқсат етілген республикалық бюджеттен берілген нысаналы даму трансферттерін ағымдағы жылы түгел пайдалану нәтижелері туралы облыстың, республикалық маңызы бар қала мен астананың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органының есебін:

есепті жылға – есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 25 қаңтарынан кешіктірмей осы Нұсқаудың 18-қосымшасына сәйкес ұсынады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қала мен астананың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдары есептерді жасау кезінде республикалық бюджеттен бөлінген бюджеттің бекітілген, нақтыланған және түзетілген сомаларының дұрыс көрсетілуін қамтамасыз етеді және есепті кезеңге төлемдер жөніндегі жоспарлардың орындалмау себептері мен міндеттемелер жоспарына сәйкес міндеттемелердің уақтылы қабылданбау себептерін талдауды жүзеге асырады.";

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Осы Нұсқаудың 12-қосымшасында көрсетілген облыстық бюджеттерге, Алматы және Астананың қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы ағымдағы трансферттердің, нысаналы даму трансферттері мен кредиттердің іске асырылу мониторингінің нәтижелері туралы есеп пен осы Нұсқаудың 13-қосымшасында көрсетілген облыстық бюджеттерге, Алматы және Астананың қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен бөлінген

нысаналы трансферттер мен кредиттердің іске асырылуы туралы талдамалық есеп "Нысаналы трансферттерді қалыптастыру" модулінде ББМ бағдарламасын пайдалана отырып жасалады.

10, 11, 12 және 13-қосымшалар былайша толтырылады:

1) 1-бағанда республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің коды көрсетіледі;

2) 2-бағанда бюджет бағдарламаның коды көрсетіледі;

3) 3-бағанда инвестициялық жобалардың атауы көрсетіледі;

4) 4-бағанда 1-2-бағандардағы кодтарына сәйкес келетін бірыңғай бюджеттік сыныптамасына сәйкес бюджет шығыстары кодтарының атауы көрсетіледі;

5) 5-7-бағандарда бекітілген, дәлелденген және түзетілген республикалық бюджеттің сомалары көрсетіледі;

6) 8-бағанда Республикалық бюджеттен есепті кезеңде бөлінген нысаналы трансферттер мен кредиттердің сомасы көрсетіледі;

7) 9-бағанда жергілікті бюджеттің есепті кезеңдегі төлемдер бойынша қаржыландыру жоспары көрсетіледі;

8) 10-бағанда қазынашылық органдарында қабылданған міндеттемелер көрсетіледі;

9) 11-бағанда төленген міндеттемелердің сомасы көрсетіледі;

10) 12-бағанда республикалық бюджеттен есепті кезеңде бөлінген соманың атқарылу пайызы көрсетіледі;

11) 13-бағанда 9-айдың қорытындыларынан бастап және қаржы жылының аяғына дейін бір жылдық қаржыландыру жоспарының күтілетін орындалуы көрсетіледі;

12) 14-бағанда 9-айдың қорытындыларынан бастап және қаржы жылының аяғына дейін бір жылдық қаржыландыру жоспарының күтілетін орындалмауы көрсетіледі;

13) 15-бағанда төленген міндеттемелер мен республикалық бюджеттен есепті кезеңде бөлінген сомалардың арасындағы айырма ретінде жылдың аяғында РБ-дан бөлінген қаражаттың қалдығы көрсетіледі;

14) 16-бағанда есепті кезеңдегі бюджет қаражатын үнемдеудің жалпы сомасы көрсетіледі;

15) 17-бағанда мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша қалыптасқан қаражаттың үнемделген сомасы көрсетіледі;

16) 18-бағанда ЕТҚ бойынша үнемдеу сомасы көрсетіледі;

17) 19-бағанда бюджет қаражатын басқа да үнемдеу көрсетіледі;

18) 20-бағанда бюджет қаражатын үнемдеуді қоспағанда, игермеу сомасы көрсетіледі;

19) 21-бағанда 22-23-бағандарда қалыптасқан жалпы сома көрсетіледі;

20) 22-23-бағандарда объективтік себептер бойынша қалыптасқан сомалар көрсетіледі (тиісті бюджетте қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы қаражат жеткіліксіз болуына байланысты бюджеттен қаражатты жете қаржыландырмауды қоспағанда), жекелегенде Нұсқаудың 26-тармағында жазылғандар бойынша;

21) 24-бағанда 25-27-бағандарда қалыптасқан жалпы сома көрсетіледі;

22) 25-27-бағандарда субъективтік себептер бойынша қалыптасқан сомалар көрсетіледі, жекелегенде Нұсқаудың 27-тармағында жазылғандар бойынша;

23) 28-бағанда есепті кезеңде республикалық бюджеттен бөлінген сомалардың игерілмеу себептері толық сипатталады;

24) 29-бағанда бір жылдық қаржыландыру жоспарының күтілетін орындалмауының себептері сипатталады.";

мынадай мазмұндағы 42-1-тармақпен толықтырылсын:

"42-1. Нысаналы трансферттердің атқарылуына талдау жүргізу үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың есепті деректерінің негізінде республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер бойынша осы Нұсқаудың 13-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бір жылдық жоспардың күтілетін орындалуына болжамдауды жүзеге асырады.";

осы Нұсқаудың 8, 9, 10, 11, 12 және 13-қосымшалары осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5 және 6-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 7, 8, 9, 10, 11 және 12-қосымшаларға сәйкес 16, 17, 18, 19, 20 және 21-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті (З.А.Ерназарова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы Министрінің
2015 жылғы 23 қарашадағы
№ 583 бұйрығына
1-қосымша
Бюджеттік мониторинг
жүргізу нұсқауына
8-қосымша

НЫСАН

**200 ____ ЖЫЛҒЫ _____ жағдай бойынша
бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды)
іске асыру мониторингінің нәтижелері туралы есеп**

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі
Бюджеттің түрі
Есепті кезең
мың. теңге

Кодтар			Атауы	Б і р жылға арналған жиынтық қаржылан -	Атауы		Қабылданған міндеттемелер	Қабылданбаған міндеттемелер сомасы (8-бағ. - 6-бағ.)	Төл мінд
ББӨ	Бағдарлама	К і ш і бағдарлама			тіндеттемелер бойынша	төлемдер бойынша			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
			Барлығы						
			Оның ішінде						
			Е Т Қ бойынша үнемдеу	x	x	x	x	x	x
			Бағамдық айырма	x	x	x	x	x	x
			оның ішінде:						
			Ағымдағы бағдарла малар						
			...						

кестенің жалғасы

Күтілетін атқарылу % (12 бағ. /5 - бағ.* 100)	Бір жылға күтілетін атқарыл мау сомасы (12 бағ. - 5-бағ. .)	Төлемдер бойынша жоспарды орындамау	Есепті кезеңге бюджет қаражатын үнемдеу, барлығы (17 бағ. +19 бағ.)	оның ішінде			Үкіметтің/ Ж А О резервтерінің бөлінбеген қалдығы	Есепті кезеңге игерілмеу (15 бағ.- 16 бағ.-20 бағ.)
				мемле еттік сатып алу нәтижелері бойынша қаражатты үнемдеу	Е Т Қ бойынша үнемдеу	Өзге де үнемдеу		
13	14	15	16	17	18	19	20	21
x	x	x	x	x		x	x	x

x	x	x	x	x	x		x	x

кестенің жалғасы

оның ішінде								Ескерту (Б Б Ә есепті кезеңге игерілмеу себептерін негіздеуі)	Ескерту (Әкімші міндет уақты қабыл не міндет қабыл себеп негізде)
Объективті, бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне тәуелді емес себептер	оның ішінде		субъективті себептер	оның ішінде					
	тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) ө н і м берушілерінің орындалмаған шарттық міндеттемелері	ө з г е объективті себептер		мемлекеттік сатып алу бойынша өтпеген конкурстар	Б Б Ә бюджеттік бағдарламаны тиімді басқармауы	ө з г е субъективті себептер			
22	23	24	25	26	27	28	29	30	
x	x	x	x	x	x	x	x	x	
x	x	x	x	x	x	x	x	x	

Ескерту: * 13-бағанды бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ағымдағы жылғы 9 айдың қорытындысынан бастап ағымдағы жылдың соңына дейін толтырады

*** осы Нұсқаудың 23-тармағына сәйкес есепті тоқсан сайын ұсыну үшін; осы Нұсқаудың 25-тармағына сәйкес есепті ай сайын ұсыну үшін

Орталық атқарушы органның жауапты хатшысы (белгіленген тәртіппен

орталық атқарушы орган жауапты

хатшысының өкілеттіктері жүктелген _____

лауазымды тұлға)/мемлекеттік мекеме (қолы) (қолды таратып жазу)

басшысы

Қаржы қызметі басшысы _____

% (12 бағ. /5 - бағ.* 100)	(12 бағ. - 5- бағ.)	жоспарды орындамау	бюджет қаражатын үнемдеу	бойынша қаражатты үнемдеу	Е Т Қ бойынша үнемдеу	Басқада үнемдеу	резервтерінің бөлінбеген қалдығы	16 бағ-20 бағ)
13	14	15	16	17	18	19	20	21
x	x	x	x	x		x	x	x
x	x	x	x	x	x		x	x

кестенің жалғасы

оның ішінде							Ескерту (Б Б Ә есепті кезеңге игерілмеу себептерін негіздеуі)	Ескер әкімш міндет уақыт қабыл не міндет қабыл себеп негізд
Объективті, бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне тәуелді емес себептер	оның ішінде тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) ө н і м берушілерінің орындалмаған шарттық міндеттемелері		өзге объективті себептер	Субъективті себептер	оның ішінде мемлекеттік сатып алу бойынша өтпеген конкурстар			
22	23	24	25	26	27	28	29	30
x	x	x	x	x	x	x	x	x
x	x	x	x	x	x	x	x	x

Ескерту: * 12-баған ағымдағы жылдың 9 айдың қорытындысынан бастап және ағымдағы жылдың соңына дейін толтырылады

*** осы Нұсқаудың 23-тармағына сәйкес есепті тоқсан сайын ұсыну үшін; осы Нұсқаудың 25-тармағына сәйкес есепті ай сайын ұсыну үшін

Бюджетті атқару жөнінде уәкілетті

орган құрылымдық бөлімшесінің

басшысы _____

(қолы) (қолды таратып жазу)

Қазақстан Республикасы
Қаржы Министрінің
2015 жылғы 23 қарашадағы

НЫСАН

_____ жылғы жағдай бойынша жергілікті бюджеттен бөлінген және республикалық бюджеттен трансферттер есебінен іске асырылатын нысаналы ағымды трансферттерді, нысаналы даму трансферттерін және кредиттерді іске асыру мониторингінің нәтижелері туралы жергілікті бюджеттік бағдарлама әкімшісінің есебі

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі: _____

Бюджеттің түрі: _____

Мерзімділігі: ай сайын

мың теңге

ББӨ	Бағдарлама	оның ішіндеинвестжоба	Атауы	РБ _____ ж . бекітілген бюджет	РБ _____ ж. нақтыланған бюджет	РБ _____ж. түзетілген бюджет	ЖБ бөлінген және есепті кезеңде РБ трансферттері есебінен іске асырылатыны	Есепті кезеңде ЖБ төлем, бойынша қаржылану жоспары
1	2	3	4	5	6	7	8	9
			Барлығы нысаналы трансферттер					
			оның ішінде:					
			Ағымдағы бағдарламалар					
			...					
			Д а м у бағдарламалары					
			...					
			Кредиттер					

Қабылданған міндеттемелер	Төленген міндеттемелер	Атқарылу % (11-бағ./8- бағ.*100)	Бір жылға арналған жоспардың күтілетін орындалуы	Бір жылдық жоспардың күтілетін орындалмауы (13-б.-7-б.)
10	11	12	13	14

кестенің жалғасы

Есептік кезеннің аяғына орындалмаған сомасы (11бағ-8бағ)	Есептік кезеннің бюджет қаражатын үнемдеу барлығы (17бағ+18бағ+19бағ)	оның ішінде			есепті кезенге игерілмеу (15бағ-16бағ)	оның ішінде			
		мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша қаражатты үнемдеу	Е Т Қ бойынша үнемдеу	Басқа да үнемдеу		объективті , бюджеттік бағдарлама әкімшісіне тәуелді емес себептер (22бағ+23бағ)	оның ішінде тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) ө н і м берушілерінің орындалмаған шарттық міндеттемелері		ө з г е объективті себептер
15	16	17	18	19	20	21	22	23	24

оның ішінде				Есепті кезеңде игерілмеу себептері	Бір жылға күтілетін игерілмеудің себептері
Мемлекеттік сатып алу бойынша өтпеген конкурстар	ББӨ бюджеттік бағдарламаны тиімсіз басқару	ө з г е субъективті себептер	ө з г е субъективті себептер		
25	26	27	28	28	29

Жергілікті бюджеттік бағдарлама

әкімшісінің басшысы _____

(қолы) (Т.А.Ә. қолды таратып жазу)

Қаржы қызметінің басшысы _____

(қолы) (Т.А.Ә. қолды таратып жазу)

Қазақстан Республикасы
 Қаржы Министрінің
 2015 жылғы 23 қарашадағы
 № 583 бұйрығына
 4-қосымша
 Бюджеттік мониторинг
 жүргізу нұсқауына
 11-қосымша

НЫСАН

_____ жылғы жағдай бойынша облыстық бюджеттен бөлінген және республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен

іске асырылатын нысаналы ағымды трансферттерді, нысаналы даму трансферттерін және кредиттерді іске асыру мониторингінің нәтижелері туралы аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органының есебі

Аудан (облыстық маңызы бар қала) атауы: _____

Бюджеттің түрі: _____

Мерзімділігі: ай сайын

мың теңге

ББӨ	Бағдарлама	оның ішінде инвестиция	Атауы	РБ _____ ж. бекітілген бюджет	РБ _____ ж. нақтыланған бюджет	РБ _____ ж. түзетілген бюджет	ЖБ бөлінген және есепті кезеңде РБ трансферттері есебінен іске асырылатыны
1	2	3	4	5	6	7	8
			Барлығы нысаналы трансферттер				
			оның ішінде:				
			Ағымдағы бағдарламалар				
			...				
			Д а м у бағдарламалары				
			...				
			Кредиттер				

Есепті кезеңге ЖБ төлемдері бойынша қаржыландыру жоспары	Қабылданған міндеттемелер	Төленген міндеттемелер	Атқарылу % (11 - бағ./8 - бағ.*100)	Бір жылға арналған жоспардың күтілетін орындалуы	Бір жылдық жоспардың күтілетін орындалмауы (13-б.-7-б.)
9	10	11	12	13	14

кестенің жалғасы

		оның ішінде			оның ішінде		
--	--	-------------	--	--	-------------	--	--

Есептік кезеннің аяғына орындалмаған сомасы (11бағ-8бағ)	Есептік кезеннің бюджет қаражатын үнемдеу барлығы (17бағ+18бағ+19бағ)	мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша қаражатты үнемдеу	ЕТҚ бойынша үнемдеу	Басқа да үнемдеу	есепті кезенге игерілмеу (15бағ-16бағ)	объективті , бюджеттік бағдарлама әкімшісіне тәуелді емес себептер (22бағ+23бағ)	оның ішінде		субь себеп
							тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) ө н і м берушілерінің орындалмаған шарттық міндеттемелері	ө з г е объективті себептер	
15	16	17	18	19	20	21	22	23	24

оның ішінде				Есепті кезенде игерілмеу себептері	Бір жылға күтілетін игерілмеудің себептері
Мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстар	сатып алу өтпеген	ББӘ бюджеттік бағдарламаны басқару	бюджеттік тиімсіз		
25	26	27	28	29	29

Ауданның, облыстық маңызы бар қаланың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органының басшысы _____
(қолы) (Т.А.Ә. қолды таратып жазу)

Қазақстан Республикасы
Қаржы Министрінің
2015 жылғы 23 қарашадағы
№ 583 бұйрығына
5-қосымша
Бюджеттік мониторинг
жүргізу нұсқауына
12-қосымша

НЫСАН

_____ жылғы жағдай бойынша республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы ағымды трансферттерді, нысаналы даму

Есептік кезеннің аяғына орындалмаған сомасы (11бағ-8бағ)	бюджет қаражатын үнемдеу, барлығы (17бағ+18бағ+19бағ)	мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша қаражатты үнемдеу	ЕТҚ бойынша үнемдеу	Басқада үнемдеу	есепті кезеңге игерілмеу (15бағ-16бағ)	бюджеттік бағдарлама әкімшісіне тәуелді емес себептер (22бағ+23бағ)	тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) өнім берушілерінің орындалмаған шарттық міндеттемелері	өзге объективті себептер	субь себеп
15	16	17	18	19	20	21	22	23	24

оның ішінде				Есепті кезеңде игерілмеу себептері	Бір жылға күтілетін игерілмеудің себептері	
Мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстар	сатып алу өтпеген	ББӨ бюджеттік бағдарламаны басқару	бюджеттік тиімсіз			
25		26	өзге субъективті себептер	27	28	29

Бюджетті атқару жөнінде уәкілетті орган құрылымдық бөлімшесінің басшысы _____
(қолы) (қолды таратып жазу)
Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың бюджетті атақару жөніндегі уәкілетті органының басшысы _____
(қолы) (Т.А.Ә. қолды таратып жазу)

Қазақстан Республикасы
Қаржы Министрінің
2015 жылғы 23 қарашадағы
№ 583 бұйрығына
6-қосымша
Бюджеттік мониторинг
жүргізу нұсқауына
13-қосымша

НЫСАН

_____ жылдағы жағдай бойынша облыстардың, Алматы және Астана қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы ағымдағы трансферттердің, нысаналы даму трансферттерінің іске асырылуы туралы талдамалы есеп

Мерзімділігі: тоқсан сайын
мың.теңге

ББӨ	Бағдарлама	оның ішінде инвестиция	Атауы	РБ _____ ж. бекітілген бюджет	РБ _____ ж. нақтыланған бюджет	РБ _____ ж. түзетілген бюджет	РБ есепті кезеңде бөлінгені	Есепті кезеңге ЖБ төлемдер бойынша қаржыландыру жоспары
1	2	3	4	5	6	7	8	9
			Нысаналы трансферттердің барлығы					
			оның ішінде:					
			Ағымдағы бағдарламалар					
			...					
			Д а м у бағдарламалары					
			...					
			Кредиттер					

Қабылданған міндеттемелер	Төленген міндеттемелер	Атқарылу % (11-бағ./8-бағ.*100)	Бір жылға арналған жоспардың күтілетін орындалуы	Бір жылға арналған жоспардың күтілетін орындалмауы (13-б.-7-б.)
10	11	12	13	14

кестенің жалғасы

Есепті кезеңнің аяғына	Есепті кезең үшін бюджет қаражатын үнемдеу -	оның ішінде			есепті кезеңге игерілмеу	оның ішінде		
		мемлекеттік сатып алу нәтижелері				объективті, бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне	оның ішінде	
						Тауар (жұмыстар, қызметтер)		

орындалмаған сома (11бағ- 8бағ)	барлығы (17бағ+ 18бағ+ 19бағ)	бойынша үнемдеу	Е Т Қ бойынша үнемдеу	Басқа д а үнемдеу	(15бағ- 16бағ)	тәуелді емес себептер (22бағ+23бағ)	жеткізушілер орындамаған шарттық міндеттемелер	ө з г е объективті себептер	суб себ
15	16	17	18	19	20	21	22	23	24

оның ішінде			Есепті кезең үшін игерілмеу себептері	Бір жылға арналған жоспардың күтілетін игерілмеуі
мемлекеттік сатып алу бойынша өткізілмеген конкурстар	ББӘ бюджеттік бағдарламаны тиімсіз басқаруы	ө з г е субъективті себептер		
25	26	27	28	29

Бюджетті атқару жөнінде уәкілетті
 орган басшысы _____
 (қолы) (аты-жөні, қолды таратып жазу)

Қазақстан Республикасы
 Қаржы Министрінің
 2015 жылғы 23 қарашадағы
 № 583 бұйрығына
 7-қосымша
 Бюджеттік мониторинг
 жүргізу нұсқауына
 16-қосымша

нысан

_____ жылғы жағдай бойынша өткен қаржы жылына бөлінген және ағымдағы жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша толық пайдалануға рұқсат етілген республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы даму трансферттерін ББӘ толық пайдалануын мониторингілеу нәтижелері

туралы
есеп

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі: _____

Бюджеттің түрі: _____

Мерзімділігі: жылдық

мың теңге

АБП	Бағдарлама	К і ш і бағдарлама	Оның ішінде инвест жоба	Атауы	_____ ж ЖБ қалдығы есебінен ҚР Үкіметінің шешімімен толық пайдалануға рұқсат етілген	Қабылданған міндеттемелер	Төленген міндеттемелер	Есепті кезеңдегі игерілмеу (8 бағ-6 бағ)	Игерілмеу себептері төлем тапсырмасының нөмірі мен игерілмеген қаражаттың аударылған күнін көрсете отырып)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Жергілікті бюджеттік бағдарламасы

әкімшісінің басшысы _____

—

(қолы) (аты-жөні, қолды таратып жазу)

Қаржы қызметінің басшысы _____

—

(қолы) (аты-жөні, қолды таратып жазу)

Қазақстан Республикасы
Қаржы Министрінің
2015 жылғы 23 қарашадағы
№ 583 бұйрығына
8-қосымша
Бюджеттік мониторинг
жүргізу нұсқауына
17-қосымша

нысан

_____ жылғы жағдай бойынша өткен қаржы жылына бөлінген және ағымдағы жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша толық пайдалануға рұқсат етілген республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму

трансферттерінің толық пайдаланылуын мониторингілеу нәтижелері туралы аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органының есебі

Аудан (облыстық маңызы бар қала) атауы: _____

Бюджет түрі: _____

Мерзімділігі: жылдық

мың.теңге

ББӨ	Бағдарлама	К і ш і бағдарлама	Оның ішінде инвест жоба	Атауы	_____ ж ЖБ қалдығы есебінен ҚР Үкіметінің шешімімен толық пайдалануға рұқсат етілген.	Қабылданған міндеттемелер	Төленген міндеттемелер	Есепті кезеңдегі игерілмеу (8 бағ-6 бағ)	Игерілмеу себептері төлем тапсырмасының нөмірі мен игерілмеген қаражаттың аударылған күнін көрсете отырып)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Ауданның, облыстық маңызы бар қаланың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органының басшысы _____
(қолы) (аты-жөні, қолды таратып жазу)

Қазақстан Республикасы
Қаржы Министрінің
2015 жылғы 23 қарашадағы
№ 583 бұйрығына
9-қосымша
Бюджеттік мониторинг
жүргізу нұсқауына
18-қосымша

нысан

_____ жылғы жағдай бойынша өткен қаржы жылына бөлінген және ағымдағы жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша толық пайдалануға рұқсат етілген республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттерінің толық пайдаланылуын мониторингілеу нәтижелері туралы облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органының есебі

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың атауы _____

ББӨ	Бағдарлама	Кіші бағдарлама	Оның ішінде инвестициялық жоба	Атауы	шешімімен толық пайдалануға рұқсат етілген.	қабылданған міндеттемелер	Төленген міндеттемелер	(8 бағ-6 бағ)	нөмірі игеріл қараж аудар күнін отыры
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Бюджетті атқару жөнінде уәкілетті

орган басшысы _____

(қолы) (аты-жөні, қолды таратып жазу)

Қазақстан Республикасы
Қаржы Министрінің
2015 жылғы 23 қарашадағы
№ 583 бұйрығына
11-қосымша
Бюджеттік мониторинг
жүргізу нұсқауына
20-қосымша

НЫСАН

Республикалық бюджеттен бөлінген бюджет қаражатының игерілмеуі бойынша ақпарат _____ ЖЫЛ

мың.теңге

ББӨ атауы	Төлемдер бойынша жоспардың орындалмауы	Бюджет қаражатын үнемдеу	Үкімет резервінің бөлінбеген қалдығы	Шартты түрде қаржыландырылатын шығыстардың бөлінбеген қалдығы	Есепті кезеңге игерілмеу (2бағ.-3 бағ.-4 бағ .)	ҚР Үкіметінің шешімі бойынша түгел пайдалануға рұқсат етілген нысаналы даму трансферттерін игермеу	РБ бюджет қаражатын игермеудің барлығы (ббағ.+7 бағ.)
1	2	3	4	5	6	7	8

Бюджетті атқару жөнінде орталық уәкілетті

орган құрылымдық бөлімшесінің

басшысы _____

(қолы) (қолды таратып жазу)

Қазақстан Республикасы
Қаржы Министрінің

НЫСАН

_____ ЖЫЛЫ _____ Бюджет қаражатының
тиімсіз жұмсалуды туралы деректер

Негізгі көрсеткіштері	Сомасы , мың тенге
1	2
БАРЛЫҒЫ, онын ішінде:	
- тиісті бюджет бойынша бюджет қаражатының игерілмеуі	
- нысаналы мақсатта пайдаланылмаған нысаналы трансферттерді қайтару	
- пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	
- өткен қаржы жылында бөлінген Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті уәкілетті органдарының шешімдері бойынша толық пайдалануға рұқсат берілген пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы даму трансферттерін қайтару	
- нысаналы мақсатта пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару	
- республикалық немесе жергілікті бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару	
- республикалық немесе жергілікті бюджеттен бөлінген облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) бюджеттерінен пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару	
- квазимемлекеттік секторға жарғылық капиталын қалыптастырылуға және ұлғайтуға бөлінген қалған қаражат қалдықтары	
- мемлекеттік тапсырманы орындауға берілген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы қаражат қалдықтары	